

ЖАҢАЛЫҚТАР

Бастапқы баға – 1,227 млрд теңге. Алматыда бір тонна киік мүйізі саудаға қойылмақ

10 тамыз 2026 жыл, 14:14



Киік мүйізі

Алматыда 21 тамызда өтетін аукцион саудасына бір тонна киік мүйізі қойылды, бастапқы бағасы – 1,227 млрд теңге, яғни бір келісі 2600 АҚШ долларына тең. Бұл туралы [хабарландыру](#) e-Qazyna порталында жарияланды деп [жазды](#) Vlast.kz басылымы.

Мүйіз бағасы Қазақстанның Экология және табиғи ресурстар министрінің 2026 жылғы 22 шілдедегі бұйрығы бойынша бекітілген. Осы құжатта киік мүйіздерін сату "Жасыл даму" акционерлік қоғамына жүктелген. Орташа ұзындығы шамамен 25 сантиметр болатын бір тонна мүйіз қазір Алматының Түрксіб ауданында сақтаулы тұр дейді басылым.

Былтыр қарашада Қазақстан киік мүйізін CITES (жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы келісім)

аясында үш жыл мерзімге 30 тоннадан аспайтын шекті мөлшерде халықаралық саудаға шығаруға рұқсат алған. Ол биыл 5 наурызда күшіне енді.

Бұл шешім киік популяциясын реттеу және жануарлар дүниесінен алынған өнімдерді заңды түрде сату үшін қабылданған. Қазақстан билігі халықаралық саудаға шығарылатын киік мүйізінің көлемін белгіленген шектен асырмауды көздеп отыр.

Мамыр айының аяғында Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев былтыр киік санын реттеу бойынша жоспар толық орындалмағанын мәлімдеген. Сондықтан министрлік шараларды "жетілдіруді" жоспарлап отырғанын айтқан шенеунік.

Былыр үкімет елде киік саны 3,9 млн басқа жетіп, тым көбейіп кеткенін айтып, оларды шамамен 750 мың басқа азайту квотасын белгілеген. Үкімет киік егіс алқаптарын жайпап жатыр деген фермерлерден шағым көп түскенін айтқан. Ресми мәлімет бойынша, 1 шілде мен 30 қараша аралығында Қазақстан 196 мың бас киіктен "арылған".

Билік киік атуға рұқсат берер алдында жабайы жануарды "Қызыл кітаптан" алып тастаған. Бұл шешімнің алдында Қазақстан жергілікті және халықаралық ұйымдармен браконьерлікпен күресті күшейтіп, қорғалатын жерлердің аумағын кеңейткен еді.

Үкіметтің киік ату және аулау шешімі қоғамда қарсылық туғызып, экологтар мен ғалымдар оған қарсы шыққан. Ауыл-аймақтағы халық дала "қанға боялып", "киік атылған жерінде қалып жатқанын" айтқан.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Қазақстанда шамамен 800 мың киік атылуы мүмкін
- Батыс Қазақстан облысында шаруалар қуаңшылық пен киіктерге шағынды
- Киік атылған Батыс Қазақстанда жануардың мүсіні қойылды
- Киік санын реттеудің балама жолы бар ма?
- Үкімет киікті әлі атқызып жатыр. Ғалымдар неден қауіп етеді?

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған